

А. М. Нұрбеков,
докторант, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

АВТОМОБИЛЬДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ КӨЛІК ҚҰРАЛЫН ЖЫМҚЫРУ МАҚСАТЫНСЫЗ ҚҰҚЫҚҚА СЫЙЫМСЫЗ ИЕЛЕНІП АЛУДАН КЕЛТІРГЕН ІРІ ЗАЛАЛ

Қылмыстық заңда қол сұғушылық арқылы зиян келтіру әрекеттерін дұрыс бағалау яғни, дұрыс дәрежелеу аса маңызды мәселе болып танылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде көзделген әртүрлі қылмыс құрамдарындағы кездесетін зиян келтіру әрекеттері өзіне тән ерекшеліктерге ие. Солардың бірі ретінде, Қазақстан Республикасы ҚК 200-бабы 3-ші бөлігімен көзделген дәрежелуші белгісі «қылмыстық топ жасаған не ірі залал келтірген іс-әрекеттер» үшін қылмыстық жауаптылық танылады.

КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1986 жылғы 5 қыркүйектегі № 11 қаулысымен «меншікке қарсы қылмыстармен келтірілген материалды залалдың орнын толық түрде толтыруда қойылатын талаптарды соттардың қатаң сақтауы қажет» екендігі туралы айтылған^{i, 314}. Аталған қағида қандай да болмасын заңды жауаптылықтың негізінде орын алуы тиіс.

Залалдың елеулілігі қылмысты әрекеттегі келтірілген зардаптың бағалаушы белгісі және ол ұрлықты дәрежелеуде соттық-тергеу тәжірибесінде біржақты қолданылуына, тұрақтылығына әсерін тигізбейді. Залалдың елеулілігі, ұрланған мүліктің бағасына емес, керісінше жәбірленушінің жағдайын анықтайтын факторлардың жиынтығымен байланысты болады. Ірі залалдың келтірілуі ұрлық жасаудың ерекше дәрежеленген түрлерінің бірі болып танылады. Ірі залалдың белгілері Қазақстан Республикасының ҚК 3-бабының 38-ұғымында былайша анықталынған, яғни «осы тараудың баптарындағы ірі мөлшер немесе ірі залал» деп қылмыс жасалу сәтіне Қазақстан Республикасының заңдармен белгіленген айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін мүліктің құны мен залалдың мөлшері танылады.

Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алудан келтірген нақты залал, автомобильдің немесе өзге де көлік құралдарын тұратын құнына немесе қылмыс жасау кезіндегі алынып қойған оның тетіктері мен детальдарына қайта жөнделуіне байланысты құралады. Анықталған қылмыспен келтірілген залалдың мөлшері мүліктің бағаланған құнымен байланысты болмауы да мүмкін (мысалы, автомобиль иесі ұзақ уақыт аралығында иелік ету мүмкіндігінен айырылуы), яғни айырылып қалған қажетті әрекеттерін қайтара алмауы. Зиянның мөлшері автомобильдің құнымен байланысты болмауы да мүмкін, себебі, осы мәселе көлік иесінің айырылып қалған пайдасы туралы да болуы мүмкін деп айтылған^{ii, 27–28}.

Ал, бұл дәрежелеуші белгіге қатысты тек қана жәбірленушінің мүліктік жағдайына зиян келтіруі, яғни автомобиль немесе өзге де көлік құралының өзін немесе тетіктерін, бөлшектерін жою немесе бүлдіруі жатады.

Міндетті түрде жасалған әрекет пен түскен зардаптың арасында себептік байланыс анықталынуы тиіс. Түскен зардап пен әрекеттің арасындағы себептік байланыстың болуын немесе болмауын нақты анықтау заңдылық кепілдіктері бірінің маңызды қызметін атқарады деп айтылған^{iii, 40–41}.

Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын айдап кетуде, кінәлі адам пайда табу белгілерінің жоқ екендігін сезінеді, сондықтан ол көлік құралына албырт қатынаста қарайды. Аталған көлік құралы меншік иесінен заңсыз алынып қойған жағдайда, мәселен сол көлік иесі жол жүру, жүктерін жеткізу сияқты мүмкіндіктерінен айырылып, басқа көлік құралын пайдалануына немесе жалдауына тура келеді. Бірақ та бұл белгі осы баптың талданып отырған дәрежелеуші белгісін құрамайды.

Егер, аталған әрекеттің қоғамға қауіптілігіне талдау жасайтын болсақ, бұл қылмыс түрі тек меншік қатынастарына ғана емес, сонымен қатар адамның денсаулығы мен өміріне, сол тікелей көлік құралының өзіне де қауіп төндіреді.

Айдап кетілген көлік құралымен байланысты жол көлік оқиғасы (мысалы, АҚШ-та айдап кетілген көлік құралымен 1 шақырым жол аралығында жол көлік оқиғасы 200 есе көп жасалынған) орын алып, қауіпті салдарымен көрініп отырғандығымен байқалатындығы айтылған^{iv, 18–21}.

Мысалы, әскери қызметші Р. «Сартоғай» бекетінде қызметте тұрып, Ұйғыр ауданы ІІБ арнаулы топ инспекторы И-дің Ниссан Максима көлік құралын заңсыз иеленіп, Алматы-Жаркент бағытындағы көлік жолының 213 км 800 м қашықтығында көлік құралын басқара алмаудың нәтижесінде жол бұрылысынан апатқа ұшыраған. Оның әрекеті көлік құралын айдап кетудегі зиян келтірілу деп танылды^v. Сол сияқты, кінәлі адам қандай да болмасын жүк тиелген көлік құралын айдап кетсе немесе ұрласа меншік иесі көлік құралынан айырылып қалу мүмкіндігімен қатар, сонда табылған жүктерінен немесе заттарынан айырылып қалуы мүмкін. Мысалы, көлік иесі өзінің көлік құралын іздеп тапқанша ондағы тиелген жеміс-жидектер бұзылып кетіп қажеттілікке жарамай қалады. Аталған осы жағдайда кінәлі адам қандай залал келтіргендігіне есеп бере алады және оған жауап беруі тиіс.

Әрбір нақты жағдайда жоғалтқан немесе бүлінген автомобильдің құны және Қазақстан Республикасы ҚК 180-бабы ескертуіндегі көрсетілген мөлшердің ұқсастығы анықталуы қажет. Осы дәрежеленуші белгі жәбірленушінің материалдық әл-ауқатына елеулі түрде әсерін тигізген жағдайда ғана енгізілуі тиіс. Осы айтылған дәрежеленуші белгі жәбірленуші жеке немесе заңды тұлға болса да ескеріліп, яғни жауаптылық қолданылуы тиіс.

Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу, біздермен айтылғандай қоғамға қауіпті әрекеттермен мысалы, автомобиль салонынан заттарды ұрлау, көлік құралын жою немесе бүлдіру, көлік құралын пайдалану мен жол жүру ережелерін бұзу, бұзақылық, кәмелетке толмағандарды қылмыстық іске тарту т. б. қылмыс түрлерімен жалғасуы мүмкін. Егер, көлік құралдарын заңсыз иеленуде кезекті бөлшектеу (разукomплектования) мақсатымен (тетіктері немесе детальдарын сату т. б.) жасалынса әрекет ұрлықты немесе талан-таражға салуды құрайды. Мұндай мәселені дұрыс дәрежелену кінәлінің ниетінің бағытталуымен сәйкес келетіндігін айқындайды.

Көлік құралын айдап кетуде автомобильдің немесе өзге де көлік құралдарын құрылысының жиынтығын құрамайтын қандай да болмасын тетіктері мен агрегаттарын қосып алуы белгілері болса, кінәлінің әрекеті ұрланған заттың тәсілі мен мөлшеріне байланысты Қазақстан Республикасы ҚК 200-бабы және Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің Ерекше бөліміндегі, ұрлығы немесе талан-таражға салғандығы үшін жауаптылықты көздейтін сәйкес баптары бойынша дәрежеленуге жатады. Бұл жағдайда кінәлінің әрекеті аталған нормалардың диспозицияларының бірімен толық түрде қамтылмайды.

Көлік құралын айдап кетуде, көлік құралын пайдалану мен жол жүру ережелері бұзылуымен байланысты болған жағдайда, келтірілген зардаптар тек меншік қатынастарына ғана емес, сонымен қатар көлік құралын қауіпсіз қолдануына да нұқсан келтіріледі. Осыған байланысты жасалған әрекеттер осыларға қатысты болған тиісті баптармен дәрежеленуі тиіс.

Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алуда көптеген жағдайлар кезекті әрекет оны жою немесе бүлдірумен ұштасады. Егер көлік құралын айдап кету мақсатынсыз жасалынып және де оның жойылуына немесе бүлінуіне әкеп соқтырса, әрекет тек қана мүлікті жою немесе бүлдіруді құрайды.

Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алудан келтірілген зардаптың мөлшері сол иеленген адаммен келтірген нақты шығынмен байланысты анықталынады^{vi, 107}. Кейбір жағдайларда заттарға өкімдік ету әрекеттерінің түсінігін әдебиеттерде айтылғандай, заттарды жою немесе бүлдіру әрекеттерімен шатастырылады. Бірақ осыған қатысты басқа да түсініктер де бар. Мысалы, заттарға өкімдік ету оны жойып жіберу үшін емес, керісінше құқықтық жағдайын өзгертуге немесе оның заңды мәселелерін, яғни тағдырын шешуге бағытталғандығы айтылған^{vii, 102; viii, 235}.

Көлік құралдарын айдап кету, ұрлық, автомобильді қасақана немесе абайсызда жою немесе бүлдіру өзінің объективтік және субъективтік белгілері бойынша

айырмашылықтарға ие, сондықтан оларды дәрежелеуде қылмыстардың жиынтығы ескерілуі қажет етіледі.

Сонымен біздер, осы қылмыс құрамына қатысты ірі зиян келтірудегі әрекеттерді дәрежелеуде, мына мән-жайларды ескеруіміз қажет сияқты. Егер, автомобиль немесе өзге де көлік құралдары талан-таражға салу мақсатынсыз айдап кетіліп, одан кейін олар абайсызда бүлдірілсе, әрекет Қазақстан Республикасы ҚК 200, 204-баптарының жиынтығын құрайды. Мұндай жағдайда мүлік ірі мөлшерде жойылғандығы немесе бүлдірілгендігі анықталынуы қажет. Егер, көлік құралын айдап кету оны кезекті жою немесе бүлдіру мақсатында жасалынса осындай дәрежелеу қолданылуы тиіс.

Көлік құралын айдап кету және одан кейінгі оның салонындағы заттарын қасақана жою немесе бүлдіру нәтижесінде едәуір зиян келтірілсе әрекет Қазақстан Республикасы ҚК 200, 202-баптарының жиынтығын құрауы тиіс.

-
- i Постановление Пленума Верховного Суда СССР «О судебной практике по делам о преступлениях против личной собственности» от 5 сентября 1986 г. № 11 (с изменениями, внесенными постановлением Пленума от 30 ноября 1990 г. № 14). П. 2—3 // Сб. Постановлений Верховных Судов СССР и РСФСР (Российской Федерации) по уголовным делам. — М., 1995.
- ii Панова Ю. Угон автомобиля или иного транспортного средства без цели хищения // Российская юстиция. — 1999. — № 8.
- iii Агыбаев А. Н. Ответственность должностных лиц за служебные преступления. — Алматы, 1997.
- iv Тынков Д. Угон — не кража, кража — не угон // Милиция. — 1994. — № 10.
- v Алматы облысы әскери гарнизоны сотымен қарастырылған қылмыстық іс. № 164. 2001 ж.
- vi Гусев О. Б., Завидов Б. Д., Коротков А. П., Слюсаренко М. И. Преступления против собственности. — М., 2001.
- vii Генкин Д. М. Право собственности в СССР. — М., 1961.
- viii Советское гражданское право. — Саратов, 1991. Т. 1.